




ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Пиджин және креол тілдері





Дүниежүзінде тілдердің пайда болуы аймақтық және әлеуметтік мәселелерге байланысты, саяси биліктің ықпалымен қалыптасады. Әр жерде бір тілдің толықтай қалыптасуына саяси биліктің ықпалы қажет. Бірақ әлеуметтік жағдай кейде басымдылық көрсетіп, саяси биліксіз-ақ пайда бола береді. Мысалы, өмірдегі тіршілікке қажетті адамзатқа керек барлық нәрселер, сауда саттық жолымен, бизнес жолымен пайда болады. Тіл білімін зерттеуші ғалымдар, бір тілдің деңгейін зерттегенде, сауда-саттықпен пайда болған бір тілді анықтады. Ол тіл бизнес сөзінің бұрмалануы күйінде пиджин деп аталған.

Пиджин – көптілді аумақта қарым-қатынас жасау қажеттігі нәтижесінде пайда болған аралас тілдің түрі. Бұл тіл көбінесе шегаралас аймақтарда қолданылған. XVII–XVIII ғасырларда әлемнің сауда-саттығын қолда ұстап отырған ағылшындар, француздар, испандар болды. Олар барған елдерінде тауарларын сату үшін сол елдің адамдарымен қатынас жасауға тура келгендіктен, бір-біріне ымдап сөйлейтін. Уақыт өте келе бір-бірін түсініп, тіл табысып, кейбір саудаға қатысты ортақ сөздердің негізінде пиджин тілі пайда болады. Саудагер сатушы мен алушы екеуі бір-бірін түсінесе алатындай деңгейге жетіп, белгілі бір қауым саудагерлермен пиджин тілі арқылы сөйлесуге мүмкіндік алды. Бұл экономиканың ықпалынсыз-ақ пайда болған тіл. Тіршілік оларды осы тілді үйренуге мәжбүр етті. Пиджиннің коммуникациялық қызметі шектелген және ол сөйлеушілер үшін ана тілі болып саналмайды.

Зерттеушілердің қорытындыларын қарастыратын болсақ, сауда-саттық саласында Қытай мен Ресей шегарасындағы Кахи деген қаласында, қытайлықтар мен орыстар сауда-саттық жасау кезінде пиджин тілінде сөйлесіп, сол жерде пиджин тілі қолданыс тапқан екен. Бұл тіл XIX ғасырда пайда болып 1990 жылға дейін өмір сүрген. XIX ғасырдан XX ғасырдың ортасына дейін олардың оқу құралдары, жабдықтары, қарым-қатынастағы пайдаланатын көптеген тіл құралдары болғандығы туралы жазылған кітаптары табылған екен. Белгілі бір дәрежеде өздерінің тіршілік етулеріне пайдаланып, кейін тез ұмытылып кеткен тілдерді пиджин тілі деп атайды екен. Ал егер одан көбірек созылып, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткен кезде ол тіл пиджин тілінен басқа тілге, креол тіліне айналады екен.

Креол сөйлеушілер үшін пиджин тіл деңгейінен ана тілі дәрежесіне (көп жағдайда пиджин тілді тұтынушылардың екінші ұрпағы үшін) дейін көтерілуі мүмкін. Сондай-ақ, әртүрлі тілдік ортада этносаралық, тіпті, ұлтаралық тіл қызметін атқаруы да мүмкін. Жаңа бір сатыға көтерілгеннен жаңа бір атауға ие болған, басында пиджин атауының креол атауына айналуы осыны көрсетеді. Бірінші ұрпақ күнделікті тіршілігіне амалсыз пиджин тілін қалыптастырды, ал екінші ұрпақ автоматты түрде бірінші буынның тілін өздерінің тілі деп қабылдап, оны қолданысқа енгізді. Мұндай тілдердің өміршең болуы екі талай. Олардың шегараласқан мемлекеті, мәселен Ресейдің өте қуатты болуы, Кеңестік дәуірдегі орыс тілінің кеңінен таралуы, орыс тілінің экономика, ғылым, саясат т.б. барлық салаларды қамтуы, біртіндеп креол тілінің маңыздылығын әрине жояды. Мемлекеттің стандартқа сай, мемлекетке қызмет жасайтын тілі пайда болған соң, сауда-саттықтан пайда болған тілдер жойылды.

Ағылшын, Испания, Француз тілдерінің ықпалы болмай-ақ, араб тілінің ықпалы арқасында оңтүстік Африкада сол жердегі жергілікті «Банту» деген халық пен арабтардың ортасында пиджин тілі пайда болады. Кейін ол екінші кезеңге өтіп, креол тіліне айналады. Үшінші кезеңге өткенде жаңа тіл атауы «Суахили» деп аталатын тіл пайда болған екен.

«Суахили» – Танзания, Мозамбик, Конго Демократиялық Республикасы аумағында тұратын, банту тобына жататын халықтың тілі. Жазуы латын әліпбиіне негізделген.

Шамамен 3 млн. – 10 млн. адам «суахили» тілін ана тілі деп, 50 млн. – 100 млн. адам бұл тілді екінші ана тілі деп есептейді екен. Мемлекеттің бақылауынсыз, халықтардың түрлі себептермен бір-бірімен араласуынан жергілікті халықтың тілімен, мәселен үстем елдің тілінен пайда болған тіл, тарихта өзінің ерекше орны бар, бұл – «Суахили» тілі.

Сауда-саттықтың негізінде пайда болған тіл, шегаралас жерлерде пайда болған, басқаша айтқанда тұрақты екі елдің сауда-саттығынан қажеттілік туындаған аймақтарда пайда болған.

«Жібек жолы» тарихта Қытайдан басталып, Орталық Азия арқылы Парсы елдерімен тұрақты сауда-саттық жасалды. Бұл кезең Қытай, түркі, парсы үш тілдерінің кемелденген дәуірі болған. Сол кезде осы үш тілді үйрену қажеттігі туындаған, сол себептен адамдарда оларды үйренуге деген құлшыныстары пайда болған. Үш түлді үйренген адамдардың арасында, аудармашы



ретінде керуен саудагерлерімен бірге жүрген адамдар да болған. Парсы тілінің дамыған деңгейі сол кезеңде Қытай тілімен өте жоғарғы деңгейде болған.

Отарлау негізінде ағылшындар, испандар, француздар, арабтар қарқынды күшпен әлемді жаулап алғысы келетін елдер еді. Олардың тілдері үстем болды. Шегарадағы шағын қауымдар, тайпалар олармен өздерін сәйкестендіру үшін олардың тілдері негізінде пиджин тілінің пайда болуына себеп болды.

Қазіргі кезде әлемде саудаға өте қатты мән беріледі. Кез келген туристік мемлекеттерде барлық ұлттардың тілдерінің аудармашылары қызмет көрсетеді, өйткені басты мәселе – табыс табу. Түркияның өзінде кейінгі жылдарда ирандықтардың туристік сапармен, не әртүрлі экономикалық қажеттіліктерімен көп келуіне байланысты, Түркияның бұрынғы көрмеген аймақтарындағы ресторандарда, сауда орталықтарында парсы тілін білетін аудармашылар өте көп кездеседі. Парсылардың ол жерде сауда-саттық жасайтыны, демалатыны табыс көзін көбейтіп отыр. Қазір Испания, Түркия сияқты туризм жолымен табыс тауып отырған мемлекеттердің барлық салаларында туристердің қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында қызмет жасайтын мамандар, аудармашылар өте көп. Қазіргі ХХІ ғасырда пиджин тілінің қажеттілігі сезілмей отыр. Себебі барлық жерлерде ақпарат құралдары дамыған, бүкіләлемдік желі арқылы кез келген тілдің аудармасын жасап алуға болады.

Қорыта айтқанда, пиджин тілі – қарапайым тіл. Екінші ұрпақ оны қолданғанда, креол тіліне айналады. Пиджин және креол тілдерінде жазба әдебиеті деген жоқ. Жазба әдебиеті болмағандықтан ол тілдердің өрістеуі, дамуы мүмкін болмайды. Пиджин тілі мен Креол тілдерінің арасындағы айырмашылықты қарастыратын болсақ, пиджин тілінде толық сөйлемдер болмайды. Көбінесе жеке-жеке сөздерді құрастырғандай күйде болады. Креол тілі азғантай дамыған, өзінің бір грамматикалық тілдік ережесі бар, бірақ ары қарай дамуына ол жеткіліксіз. «Суахили» тілі пиджин мен креолдан кейін үшінші сатыға көтерілген тіл ретінде мемлекеттік тіл болып есептелсе де, оның бүгінгі күні жойылып кету қаупі бар.

Дамудың негізгі үш факторын алғанда, саяси, экономикалық және ғылым мен технологияның дамуы, осы үшеуі бірігіп бір тілдің өрістеуіне, ары қарай өз жұмысын жалғастыруына қызмет жасай алмаса, ол тілдер келешекте біртіндеп жойылып, архивтерге кетуі әбден мүмкін. Қазіргі жаһандану заманында пиджин тілі болсын, тағы басқасы болсын, бұлардың бірнеше жойылу кезеңдері болса, екінші тіл, мәселен Азия мен Африкаларда әлемдік ықпалы бар тілдермен салыстырғанда өз мемлекетінің ішінде де екінші орында тұр. Экономикасы күшті мемлекеттердің тілі жоғары тапта болса, манағы Африка мен Азияның көптеген елдерінде өздерінің мемлекеттік тілі төменгі тапта тұр. Олардың ірі сауда-саттығы мен қарым-қатынастары олардың мемлекеттік тілі есепке алынбай отыр. Дүниежүзінде, БҰҰ-да 6 тіл ресми тіл ретінде қабылданған. Олар, ағылшын, француз, орыс, қытай, араб, т.б. қалғандары әлемдік деңгейдегі саяси аренада қолданыста емес. Кейінгі жылдары Иран мен Түркия өздерінің тілдерін әлемдік деңгейде, БҰҰ-да, Еуропа елдерінің біріккен одағында ресми тіл болу қажет деген ұсыныстарын айтып, кейбір жетістіктерге қол жеткізді. Бұның бәрі келешекте ұлттардың тілі, өзінің мемлекеті бола тұра жойылу қаупінен сақтану үшін жасалынып жатқан дүниелер. Қазіргі заманда тілдердің беделінің сатыға бөлінуі белгілі нәрсе. Оны ғалымдар зерттеген, әлі де талай зерттейді. Келешек көптеген тілдердің жойылуына, егер сақтық жасамаса толықтай мүмкіндікті жасап отыр. Ағылшын тілі, мәселен әлемдік тіл болуының жолында келе жатыр, бірақ оның тағдыры, әр елдің ұлттық саяси ұстанымына байланысты.